



**«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы
2024-2025 оқу жылында жүргізілген жұмыстарына
талдау есебі**

**«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы
2024-2025 оқу жылындағы жүргізілген жұмыстарына
талдау есебі**

Ұйымның мақсаты:

«Жас Ұлан» ұйымының жұмыс жоспарына сәйкес өткізілген іс-шаралардың орындалу деңгейін сараптау, ұйым жұмысының нәтижелілігін бағалау, алдағы оқу жылына ұсыныстар әзірлеу.

Ұйымның міндеттері:

- Жоспарланған іс-шаралардың орындалуын талдау;
- Қатысушылар белсенділігін, жетістіктерін саралау;
- Ұйым жұмысын жетілдіруге ұсыныстар беру.
- Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілікті қалыптастыру.
- балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру.
- танымдық жұмыстарды ынталандыру.
- балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау.
- жауапкершілік пен еңбек сүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

2024-2025 оқу жылы бойынша бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жоспары құрылып, 7 бағыт бойынша жұмыстар жүргізілді. Мектебімізде «Мектеп Ұланбасы» сайлауы өткізіліп, 9-10 кластар арасында үміткерлер қатысты. Сайлау қорытындысы бойынша ең көп дауыс жинағаны үшін 9 «Ә» класс оқушысы Қалдыбаева Айназ тағайындалды. «Жас Ұлан» мектеп кеңесінің құрамы

Мектеп Ұланбасы-Қалдыбаева Айназ

Орынбасары: Мұса Дана

1.«Зерде» бағыты- Мұса Дана

2. «Отан» бағыты- Жарылғасова Наркыз

3.«Руханият» бағыты- Жақсылықова Айсұлу

4.«Салауат» бағыты- Елекова Гауһар

5.«Экоәлем» бағыты- Құрманғалиева Ақзере

6.«Жеті жарғы» бағыты- Менешова Шамшырақ

7.«Еңбек» бағыты- Орынтай Альбина

Ұйым белсендісі- Нургалиев Айдар

Ұйым белсендісі- Мускабаев Алим

Мектепшілік, мектеп кеңесімен жұмыс

Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы Қалалық Оқушылар Сарайымен және өзге де мектептен тыс мекемелермен бірігіп жұмыс жасап келеді. Мектепшілік 1-4 кластар арасында Қарттар күніне орай ардагер ұстаздарға көп жылдар бойы ақырын жүріп анық басқан, салмақты ақылдары мен шәкірттерді тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатқан ұстаз ардагерлерімізбен «Қарттарым-асыл қазынам» атты мерекелік шара өтті. Шараға ұзақ жылдар бойы үздіксіз қызмет еткен ардагер ұстаздарымыз қатысты.



Қарттарым-асыл қазынам



Қарттарым-асыл қазынам



«Отбасы – бақыт мекені» атты апталықтың жұмыс жоспарына сәйкес, мектебіміздің 1-2 класс ата-аналарының қатысуымен «Ата-анам және мен» эстафеталық сайысы ұйымдастырылды. Мақсаты: салауатты өмір салтын насихаттау, отбасындағы ауызбіршілікті, мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты нығайту



«ҰСТАЗ-МЕКТЕПТІҢ ЖҮРЕГІ» 05 қазан күні мектебіміздің 11 сынып оқушылары «Ұстаз-мектептің жүрегі» атты мерекелік кеш ұйымдастырды. Мереке барысында ұстаздарымыз алғыс хаттармен марапатталды.



Күн ханзадасы мен күз ханшайымы тақырыбында



Желтоқсан айындағы айтулы мерекелердің бірі 16 желтоқсан Тәуелсіздік мерекесіне орай мерекелік іс-шараға мектебіміздің мұғалімдері және ұйым белсенділерінің қатысуымен өткізілді.





Наурыз мерекесіне орай мектебімізде «Қош келдің, Әз наурыз» тақырыбында концерттік бағдарлама болды. Қасиетті рамазан айына орай мектеп белсенділері және жас ұстаздары қайырымдылық акциясын ұйымдастырып “Мейірім” балалар үйіне және мектебіміздің азқамтылған отбасыларына көмек көрсетті. Рамазан айында көше сыпырушы ағайлар мен апайларға арнайыма рамазан айына арналған су мен тәттілер таратылды.



«Дос болLike» апталығы аясында «Мейірім» еріктілер тобы ардагер қарияларға көмектесті.




«Ұлы Абай» тақырыбында мәнерлеп оқу челленджі. Мақсаты: ақын өмірі, шығармашылы, туралы насихаттау.







«Қалалық оқушылар сарайы» МКҚК ұйымдастыруымен балалар мен жасөспірімдер арасында «Отбасылық альбом» шығармашылық жобасы» онлайн байқауында Бертайыз Н, Елеукең Ж III дәрежелі Дипломмен марапатталды.



Халықаралық «Talenttar Alemi» байқауына мектебіміздің «Сырғалым» би тобының мүшелері I, II, Гран При жүлдесімен марапатталды.




Наурыз айында «Жас ұлан» ұйымының жоспарына сәйкес жасампаздық және жанашылдық құндылықтар бойынша «Алғыс айту парызымыз» челленджі өткізілді. **Мақсаты:** Қайырымдылық пен ризашылық сезімін қалыптастыру. Оқушылар мұғалімдер мен ата-аналарға алғыс білдіріп, позитивті орта қалыптасты. Бірлік және ынтымақ құндылықтар «Әлемнің байлығын сыйлар ем...!» суреттер байқауы ұйымдастырылды. Қатысушылар: 4 сынып оқушылары қатысты. Заң және тәртіп – 3 іс-шара (оқушылардың құқықтық сауаттылығы артты). Жасампаздық және жанашылдық – 4 іс-шара (инновациялық ойлау, достықты нығайту). Тәуелділік және отаншылдық – 3 іс-шара (патриоттық сезімдері дамыды). Бірлік және ынтымақ – 3 іс-шара (ұжымдық жұмыс, бірлікті арттыру).



Сәуір айында «Жас ұлан» ұйымының жоспарын еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы «Телефонның пайдасы мен зияны» дөңгелек үстелі өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру, интернет және гаджеттерді тиімді пайдалануға баулу. 8 сынып оқушылары қатысты. Өткізу форматы: Презентация, пікір алмасу, сұрақ-жауаптар алынды. Нәтижесі: Оқушылар гаджеттердің зиянды және пайдалы жақтарын түсініп, өз уақытын тиімді жоспарлау дағдыларын қалыптастырды. Психолог гаджетке тәуелділік белгілерін түсіндірді. Жасампаздық және жаңашылдық Құндылықтары бойынша 12 сәуір «Ғарышкерлер» күніне орай «Ғарышкерлер саяхат» макеттер байқауы өткізілді. Мақсаты. жас өркеннің бойында Отансүйгіштік, азаматтық қасиеттерді қалыптастыру; білімге, ғылымға ұмтылдыру; ғарыш саласы туралы білімдерін молайту. 1-4 сынып оқушылары қатысты.

Мамыр айы – Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы «ИНТЕРНЕТТЕГІ АЛАЯҚТЫҚ» дөңгелек үстелі өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды интернеттегі қауіптерден сақтандыру, фишинг, алаяқтық түрлерімен таныстыру. 8 сынып оқушылары қатысты. Өткізу форматы: Бейнеролик көрсету, пікірталас, сұрақ-жауаптар алынды. Нәтижесі: Оқушылар интернет қауіпсіздігі бойынша базалық білім алды, алаяқтық жағдайларында әрекет ету жолдарын үйренді.



Ұйым мүшелерінің саны

Мектеп бойынша жалпы оқушылар саны-512. «Жас ұлан» саны- 287. «Жас қыран» саны-225. Бала өкілі –1. Облыстық білім басқармасы «Жас Ұлан» ұйымына қабылдауға қатысты 19.092023 жылғы №2/4175 жолдаған хаты бойына жұмысы тоқтатылды.

Ескертулер: қалалық, облыстық байқауларға оқушыларды қатыстыру.

Ұсыныстар: көбірек іс-шаралар ұйымдастырылса, оның ішінде спорттық байқаулар.

Қорытынды: 2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстар ҚОС сарайының және балалар ұйымының жұмыс жоспарына сай жүргізілді. Белгіленіп, атқарылмай қалған жұмыстар жоқ. Тәрбие жұмысында жеткен жетістіктер мен кемшіліктерді негізге ала отырып, 2024-2025 оқу жылына балалар ұйымы төмендегі міндеттерді белгілейді:

1. Мектептен тыс мекемелермен (ҚОС, Достық үйі, ОБЖСМ, Шығармашылық үйі, Театрлар, Жас натуралистер стансасы, СӨС орталығы,) жүйелі қарым-қатынаста болу;
2. Адамгершілікті ізгілікті қарым-қатынасты қалыптастыру және шығармашыл, дарынды оқушыларды мектептен тыс іс шараларға қатыстыруға жұмыстану.
3. «Жас Ұлан» балалар ұйымының жұмысын жүйелі жүргізу.

Аға тәлімгер:

Ахметова. А